

**«№19 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де
«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып!» атты кәсіби бағыт
бағдар беру кездесуі туралы ақпарат**

Жастарға бағыт-бағдар беріп, жарқын болашаққа жол ашып, қолдау көрсету мақсатында мектебімізде 11 қаңтар күні 9-11 сынып оқушыларымен Сәтбаев қаласының ардагерлер ұйымының мүшелері Сақтаған Атабаев, Мұса Тілеуов, Жезқазған шахтапроходкалау тресінің ардагері Айқынбаев Дәулет аға кездесу өткізді. Кездесу барысында ардагерлер тарихқа көз жүгіртіп, ұлттық құндылықтарды, ұлттық болмысты сақтау жайлы тағылымы мол естеліктерімен бөлісті. Айқынбаев Дәулет аға Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» жөніндегі бастамасына сәйкес «Туған жер-тұмса тарих» тақырыбында жергілікті жерде қалып, туған жеріне қызмет етуге, жердің терең қойнауындағы кен өнімдерін зерттеуге, шахталарда қызмет етуге кәсіптік бағдар берді. Оқушыларға «Туған жерге туынды тік» деген мақалдың мағынасын толық ашып берді. осы әңгімеден кейін оқушылар белсене сұрақ қойып, қызығушылықпен тыңдады. Болашақ мамандықтарын айқындауға деген талпынысы артты.

Аға тұтар алдыңғы буынның жүріп өткен жолы- болашақ үшін үлкен өмірлік мектеп екенін жас буынға ұғындыру мақсатында осындай іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таба бермек. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дегендей біз әрқашан өмірлік тәжірибесі мол аға буынды үлгі тұтып, алға жоспарлар құрып, келелі істі бастауда кеңесіп отырамыз. Мұндай кездесулер балаларды арман жолында талмай ізденуге жетелейді. Кездесу соңында ардагерлер ризашылықтарын білдірді.



**Директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары
А.Б. Джанасбаева**